

## САЗ МЕКТЕПТЕРІНДЕГІ МУЗЫКА САБАҒЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Жаксыбекова К.С. Ходжамжарова С.М.

Шымкент №2 балалар саз мектебі Шымкент, Қазақстан

Резюме

В данной статье рассматриваются эффективные способы воспитания через музыку

Summary

This article discusses effective ways of education through music

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде қазіргі басты мақсаттың бірі - жоғары дәрежелі білікті маман дайындау. Жеткіншектеріміздің рухани дүниесін кеңейтіп, ойлы да парасатты, мәдениетті адамзат тәрбиелеу болып отыр. Н.Назарбаев «Жастар тәрбиесі мақсатты екенін көрсетіп, алдағы 30 жыл ішінде мемлекетіміздің қандай бағытта даму керек екендігін белгілеп берді. Осы міндетті болашаққа іске асырушылар - жастарымыз» - деген еді. М.Жұмабаев «Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп буынды қолданып келе жатқан шаң - шаң жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші, сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиісті және әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында сол ұлты үшін құрмет ететін болғандықтан әрбір тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбиелеуге міндетті» - деген. Осы ойды нақтылай келсек, музыкалық мектептердегі музыка сабақтары - білім мен тәрбие беру ісіндегі маңызды саланың бірі.

Мектепте жүргізілетін музыка пәні қоғамының әлеуметтік сұранысына жауап бере отырып, оқушыларды халықтық - ұлттық әлемдік музыкаға баулиды. Музыкалық көркем бейне оқушыларды қоршаған ортада болып жатқан түрлі құбылыстардың шын бейнесін танып, білудегі ой - өрісін байытып, дүниетанымын кеңейтеді. Мектеп оқушысының музыкалық талғамының дұрыс қалыптасуына бірден - бір негізгі бағыт - бағдар беретін пән, мектептегі музыка сабағы болуы қажет. Музыка өнерінің басқа өнерлерден ерекшелігі, әлемдік және отандық музыка туындыларын қазіргі уақыттағы мүмкіншіліктер, яғни дамыған техникалық - ақпараттық заманауи құралдардың көмегімен тыңдау, қосылып айту, жазып алу, жинау арқылы музыка сүйер оқушының ғаламдық дамудағы жетістіктерді пайдалана отырып, музыканың рухани дамуына, жеке тұлға болып қалыптасу үрдісіне кешенді ықпал етеді.

Әл Фараби өзінің «Музыканың үлкен кітабы» атты трактатында музыканы жүрекке қондыра қабылдаудың психологиясы, музыкалық шығармаларды орындаудың әдіс - тәсілдері сияқты өзекті мәселелерді сол кездің өзінен - ақ терең ғылыми талдап, дәлелдей білсе, күні-бүгінде өз мәнін жоймай музыка ғылымы мен өнердің дамуына үлкен әсерін тигізіп отыр. Ұлы ғалым музыка өнері бойынша: - музыка - адамның жан дүниесіне көркемдік жағынан әсер етеді; - ән мен музыка адамды көркем, эстетикалық сезімдерді туғызу арқылы, кісінің өзін-өзі тәрбиелеуіне, бойындағы нашар қасиеттерден арылуына ықпал жасайды, деп тұжырымдар жасаған. Осы орайда музыка сабағында оқушыларды өнер сүйгіштікке, талғампаздыққа, адамгершілікке, отансүйгіштікке тәрбиелеу - ұстаздың басты мақсаты. Музыка – адамзаттың рухани азығы, жан серігі және өзінің көркемдігі, нәзіктігімен адам жанын баурап, олардың жақсы мінез құлықтарының қалыптасуына әсерін тигізеді.

Жасөспірімдерді музыка әлемін түсініп қабылдауға, талғампаздығын тәрбиелеуге, эмоциялық сезімталдығын қалыптастыруда білімді, мәдениетті болып өсуіне әсер етуде мектептегі музыка тәрбиесінің алатын орны ерекше.

Музыка мектептеріндегі музыкалық тәрбие мектептен тыс жұмысын ұйымдастырудың негізгі түрі. Сондықтан музыка сабағына жан - жақты талдау жасалынып, сабақ түрлерінің жобасы берілген. Оларды өткізудің әдіс - тәсілдері зерттелген.

Тәрбиенің басты салаларының бірі- эстетикалық тәрбие. Эстетика мен музыка тәрбиесіндегі ортақ мәселелерді зерттеу – адамды табиғат пен өмірдегі әсемдікті қабылдап, бағалауға және түсінуге тәрбиелеп оқыту болып табылады. Баланың бойында музыкалық қабілет жас кезінен басталады. Балабақшадағы алғашқы күннен - ақ музыка тыңдап, музыканың сүйемелдеуімен ән айтып, би билеуді үйренеді. Бұл орайда музыкалық сабақтан әсер алған балалардың эмоциялық

жағдайын меңгеру тікелей оқытудан ғана құралмайды, сонымен қатар қызғылықты ойын, қимыл іс-әрекеттермен сабақтасып отырғаны пайдалы.

Музыка адам өмірінің жан серігі, музыканы сүймейтін адамды кездестіру мүмкін емес, өйткені ол баршаға қажет, оның тілі кім-кімге де түсінікті.

Абайдың: Құлақтан кіріп бойды алар,

Әсем ән мен тәтті күй, өлеңі осыған дәлел болып келеді.

Сөйтіп, мектеп жасына жеткен бала психологиялық түйсіну мен музыканы көз алдында елестетуді біршама меңгеріп шығады. Оның бойында музыкаға деген өзіндік ой саналық және сезімдік тұрғыдағы қарым - қатынас қалыптасады. Сонымен бірге әуен - саз, өлшем, ырғақ жүйесін есту тәжірибесі қалыптасып, есте сақтап қалу қабілеті де жинақталады. Бала мектепке осындай толығу үстіндегі музыкалық тәжірибемен келеді. Қай сынып, қай сабақ болмасын музыкалық материалды оқытқан кезде музыканың мазмұнын негізге алып, түсінуді, ынта - ықыласты, сезімдік құбылыстарын да соған бағыттау керек. Өлең, сурет, қимыл, т.б. құралдар көмекші құралдар атқармақ.

Музыкалық білімді кең мағынада қарастырсақ, ол музыкалық шығарманың мазмұнын талдауына қатысты мәселелердің барлығын қамтиды. Бұл жұмыстар, әрине музыкалық шығарманы талдаумен тығыз байланыста қарастырылып, үйрену барысында бірден - бір мақсатқа айналып қана қоймай, музыканың мазмұнына неғұрлым терең бойлауға игі ықпал етуге тиіс.

Музыканы сауатты оқыту әдістемесі тұтас алғанда музыкалық оқытудың міндеттеріне сай болуы керек. Көркемдік талғамы бар, музыканы сүйетін, оны жанымен түсінетін, музыкалық өмірге белсене араласатын білімді адам дайындау – мектептің міндеті.

Сабақта қолданылатын музыкалық материалды таңдай білудің маңызы зор. Өйткені сол шығармалар арқылы балалар сол өмірдің сан қилы оқиғаларынан мағлұмат алып, музыкалық материалдар уақыт өткен сайын өзгеріп, толықтырылып отырады. Музыка туралы әңгіме тыңдай отырып балалар композитордың өмірі, шығармашылығымен танысады. Осылайша музыкаға деген қызығушылығы, эмоциялық көзқарасы қалыптасады және шығарманың мәнерлік құралдары болатынын ажырата алатын болады.

Халқымыздың музыка тілін терең түсінетіндігі ертеден - ақ аңыз болып тараған. Оған мысал ретінде “Ақсақ құлан”, т.б. көптеген күй аңыздарын алуға болады. Бүгінгі таңда музыка мамандарының алдында тұрған мәселелердің бірі осы ата-бабаларымыздай музыканың құдіретін терең түсініп, оны өзінің рухани азығы етіп, адам өмірін нұрландыруға атсалысатын музыкалық білімді азамат тәрбиелеу. Оның түп - тамыры, негізі - музыканы қабылдай білуде жатыр.

Баланы музыка тыңдауға, тыңдай отырып оны сапалы түрде қабылдауға баулу музыкалық тәрбие беру жұмысындағы міндеттердің бірі. Өйткені ол оқушының музыкалық мәдениеттілігін қалыптастырудың алғы шарты болып есептеледі. Музыканы қабылдау - музыка сабағында қолданылатын іс - әрекеттердің кез - келген түрінің іргетасы, бастапқы нүктесі ретінде қарастырылады. Кез - келген түрі деп отырғанымыз, музыка тыңдау, ән айту, музыкалық білімділігін арттыру, нота сауаты, т.б.

Бағдарлама бойынша музыканы қабылдау дегеніміз - мектептерде балаларға музыкалық тәрбие берудің негізі. Міне, сондықтан музыканы дұрыс қабылдай білуге тәрбиелеу музыка пәні мұғалімінің басты назарында болуы тиіс. Аспапты меңгеру баланың қабілетіне байланысты. Баланың бойындағы музыкалық қабілетті дамыту музыка мектептері мұғалімдерінің басты назарында болуы керек. Бала белгілі бір аспапқа қызығу үшін, мұғалім сол аспапта баланың көңілін аулайтындай әуезді музыкалық шығарма ойнап берсе дұрыс болады. Музыканы тыңдаған кезде бала еркін отыру керек, бұл тәсіл орындалып жатқан шығарманы қозғалмай байсалды тыңдауына мүмкіндік береді. Сондық - ақ, музыка тыңдап отырған кезде сөйлеуге, мұғалімге сұрақ қоюға болмайтынын білу керек. Бірте - бірте мұғалім балалардың музыканы тыңдай білу мәдениетін қалыптастырады. Музыка тыңдау барысындағы мұғалімнің жүріс тұрысы, өзін ұстауы үлкен роль атқарады. Мұғалім тыңдауға ұсынған шығарманы мүмкіндігінше нотасыз ойнағаны жөн. Әр тоқсанда оқушының ойнап шығаратын музыкалық шығармалары баланың қабілетін анықтайды. Мұғалім оқушысымен бірге ансамбль ойнаса ол оқушыны қызықтыра түседі.

Музыканы оқыту процесінде оқушылардың музыкалық ойлау қабілеттері, дүниетанымды, практикалық іскерлігі мен дағысы қалыптасады. Оқушы тек музыкалық білімдерді меңгеріп қана

қоймайды, оның дүниені тануға, түрлі музыкалық құбылыстарды пайымдауға, өз бетімен білім толықтыруға, меңгерген білімдерін практикада қолдануға талпынысы, қажеттіктері дамиды. Оқытушы болса, ол тек жалаң білім берумен шектелмейді, оқыта отырып тәрбиелейді, оқушылардың білім алуға деген қажеттіліктерін, музыкалық қабілетерін дамытады, жаттығулар мен тапсырмалар беріп, білімділік деңгейлерін бақылайды. Бір сөзбен айтқанда, музыкалық - педагогикалық процесске басшылық жасайды.

Музыка оқыту процесі өзіне тән компоненттерімен сипатталады. Олар: музыканы оқыту (музыкалық білім, музыкалық іскерлік, музыкалық дағдылар), музыканы оқыту мақсаты, музыкалық білім мазмұны, музыканы оқытудың әдістері және құралдары, музыканы оқытуды ұйымдастыру, музыканы оқытудың нәтижелері.

Музыканы оқыту тар мағынасында оқушылардың музыкалық білім, іскерлік, дағдыларын меңгерту деп анықталса, кең мағынада музыкалық білім, іскерлік, дағдыларын меңгертумен бірге, олардың музыкаға деген эмоционалды-құндылықты тәжірибесі мен музыкалық шығармашылық іс-әрекеттері тәжірибесінің қалыптасуын айтамыз. Бүгінгі таңда музыкалық білім берудің мақсаты рухани, адамгершілік, эстетикалық, көркемдік мәдениетінің қалыптасуы деп түсіндіріледі. «Жас шақта берілген тәрбие өмірлік азық» - дейді халқымыз. Осыған орай ендігі кезде жаңа адамды жан-жақты дамыған, білімді, өнерлі, еңбек сүйгіш бағытта тәрбиелеу, оқытушылардың басты парызы.

#### Әдебиеттер:

1. Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына 2050- «Мәңгілік ел» жолдауы // 18.01.2014 ж Егеменді Қазақстан
2. Ақынжанов М. «Қазақтың тегі туралы», Алматы, ҚБМБ, 1956ж.
3. Күлманова Ш.Б. «Музыка пәнінің бағдарламалар жинағы». Алматы. 1996.
4. Казыханова Б.Р. «Эстетическая культура казакского народа. Алматы, 1973».
5. Әл-Фараби «Трактаты о музыке и поэзии» .-Алматы, 1992. Ғылым.